



Балаларды оку процесінде қалай дұрыс бейімдел, дайындауга болады? Бірінші сыйныпқа баратын оқушыларды жаңа кезеңге қалай бейімдеуге болады? Өкінішке орай, қазіргі үрдіс балалардың қозғалмай, бір орында отырып, гаджеттердің көп пайдалануына әкеледі, соның салдарынан кору қабілеті нашарлайды, дене бітімі бұзылады, зейіні томендейді, үйкесін бұзылады. Жасыратыны жсоқ, кейбір мектеп оқушыларында созылмалы аурулар бар, балалардың көбінің дене салмагы артып, тіпті семіздіктен зардан шегін жасатыр.

Осыған орай, Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау орталығы балалардың денсаулығын сақтап кана қоймай, нығайту үшін де оларды жаңа оку жылына қалай дайындауга болатындығы туралы бірнеше көнестің ұсынады.

Күн тәртібін сақтау

Алдымен, күн тәртібін алдын ала құру үшін мектептегі сабак аудиосымы қалай жоспарланатындығын нақтыладап алу қажет. Бір күнге нақты жоспар құрудың маңызы зор: үй тапсырмасын қашан орындауды, секцияларға немесе үйірмелерге қай уақытта барады, теледидар көруге немесе басқа да ойындар ойнауға бос уақыт бола ма, жоқ па, бәрін жоспарлап алу керек. 1-2 сыйнып оқушыларының үй тапсырмаларын орындаудына кететін уақыты 1,5-2 сагаттан, 3-4 сыйнып оқушыларына – 2

сагаттан, жоғары сыйнып оқушыларына – 3-4 сагаттан аспауы тиіс. Көзге катты күш түсірмеу үшін әр 40 минут сайын үзіліс жасау қажет.

Баланың дұрыс үйкетаудың қадағалау керек, үйкесі 7-10 жаста: 10-11 сагат, 11-14 жаста: 9-10 сагат, 15-17 жаста: 8-9 сагат болуы тиіс.

Тенденстірліген тамактану

Баланың толық есіп, дамуының маңызды факторларының бірі – оның тенденстірліген, дұрыс және тиімді тамактануы. Оқушылардың тамактануы тұрақты түрде 4 рет болуы тиіс, баланың жасына сәйкес ақызы, май, көмірсу, дәрумендер мен микроэлементтердің мөлшері жеткілікті болуы қажет, тамак ішу арасындағы аралық 3,5-4 сагаттан аспауы тиіс.

Баланың үйдегі жұмыс орны

Тапсырмасын орындау үшін үстелді терезенің жаңына қойған дұрыс. Бұл есіп келе жатқан организмге пайдалы күн сәулесін барынша алуына көмектеседі. Табиги жарық сол жақтан немесе алдыңғы жақтан түсіү керек, соңықтан жұмыс дәптерлері мен окулықтарына жарық үнемі жақсы түсетін болады. Оку орны жергілікті жасанды жарықтандырумен, дұрысы табиги жарыққа барынша жақын шамдармен толықтырылуы керек. Арапас (жалпы және жергілікті) жасанды жарықтандыру бір үлгіде (люминесцентті немесе қызырду шамдары) болуы керек, жыптылықтамай, күнгірт болмауы тиіс. Дұрыс таңдалған жиһаз – үстел, орындық немесе кресло дене бітімінің жақсы қалыптасуына көмектеседі. Биіктігі реттелетін үстелдер мен орындықтарды сатып алған дұрыс, баланың бойына қарай олардың биіктігін езгертіп отыру қажет. Орындыққа отырғанда тұзу, иық сәл төмен және бір

қалыпты отыру керек, арқасын беліне қарай сәл бүгіп, басын төмен түсірмей, сәл алға қарай еңкейінкіреп, шынтақтарын 90 градуска бүгіп отыру қажет. Табанын еденге немесе тіреуішке қойып отыру керек. Отырған жерінен үстелдін бетіне дейінгі арақашықтық баланың білегінің ұзындығына тен болған кезде өте ынғайлыштырылатын болады. Көзден мәтінге дейінгі арақашықтық 30 см-ден кем болмауы тиіс. Егер баланы дұрыс отыруға – орындықтың арқасына сүйенбей, шынтағымен сүйенбей немесе таянбай отыруға дұрыс үйретсе, уақыт өте келе омыртқаны ұстайтын бұлшықет тонусы дұрыс қалыптасып, омыртқа қисаймай, бүкіреймей, дене дұрыс есетін болады.

Дұрысы – қозғалыс белсенділігі және шынығу

Дене белсенділігінде сауықтыру ресурсы көп болады, дене белсенділігі сүйек қанқасы мен бұлшықеттің дұрыс өсуіне және дамуына ықпал етеді, сонымен катар жеткілікті қозғалыс жүктемесі қалжырап шаршаудың алдын алады. Қозғалмалы ойындар, жаяу серуендеу, жүгіру, туристік сапарлар, әртүрлі спорт түрлері – кез келген қозғалыс белсенділігі сіздің баланыңға өте пайдалы болады.

Гигиена – денсаулық кепілі

Жеке гигиенаны ғана емес, қоршаган кеңістіктің тазалығын да сақтауға үйрету керек. Бөлмені үнемі желдетіп отыру, шанды сұрту және дымқыл тазалау, жеке заттарды таза және ұсынты ұстай маңызды.

Осы қарапайым кеңестердің сақтай отырып, сіз тек мектеп кезінде ғана емес, сонымен қатар алдеқайда ертерек балаңыздың денсаулығын сақтап, нығайту үшін жағдай жасаіссыз.